

Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 441 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қарашадағы № 977 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 06.11.2023 № 977 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкалар бекітілсін.

2. "Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың бұзылуы салдарынан келтірілген залалды өтеудің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 1186 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 32, 422-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 31 мамырдағы
N 441 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкалар

Ескерту. Базалық ставкаларға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.12.2020 № 834 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 11.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Жеке және заңды тұлғалардың ағаштар мен бұталарды заңсыз кескені және олардың өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдағаны, сүрек ұрлағаны үшін

P/ с N	Сүрек және бұта тұқымдастарының атаулары	Айлық есептік көрсеткіштерде 1 м ³ үшін залалды өтеу мөлшері			Қабықты отындық ағаш сүрегі
		Жоғары бөлігіндегі дің кесіндісінің көлеміне қарай қабықсыз кәделі сүрек			
		ірі (25 см-ден және одан жоғары)	орташа (13 см-ден 24 см-ге дейін)	ұсақ (3 см-ден 12 см-ге дейін)	
1	2	3	4	5	6
1	Қарағай	16,0	11,0	6,0	2,0
2	Шренкешыршасы	21,0	15,0	7,0	3,0
3	Сібір шыршасы, майқарағай	14,0	10,0	5,0	2,0
4	Самырсын	13,0	9,0	4,0	2,0
5	Балқарағай	28,0	20,0	10,0	3,0
6	Ағаш тектес арша	19,0	13,0	7,0	3,0
7	Емен, шаған	28,0	20,0	10,0	4,0
8	Үйеңкі, шегіршін, жөке	6,0	5,0	2,0	1,4
9	Сексеуіл				5,0
10	Қайың	6,0	5,0	2,0	1,5
11	Көктерек, ағаш тектес тал, терек	4,0	3,0	1,5	1,0
12	Грек жаңғағы, шекілдеуік жаңғақ	35,0	25,0	12,0	4,0
	Өрік, ақ қараған, алша,				

13	долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, орман алма ағашы	25,0	20,0	12,0	3,0
14	Арша, төсенішті самырсын			4,0	2,0
15	Сары қараған, жыңғыл, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел, басқа да бұталар			1,5	1,0

Ескертпе:

мынадай:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда заңсыз ағаш кескені, ағаштар мен бұталарды өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдаған және сүрек ұрлаған жағдайларда осы бөлімнің базалық ставкалары екі есе ұлғайтылады;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ағаштар мен бұталарды өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдамаған жағдайларда осы бөлімнің базалық ставкалары өзгеріссіз қолданылады, осы аумақтардан тыс жерлерде - екі есеге кемітіледі;

3) ағаштар мен бұталарды заңсыз кескен, дауыл қопарған, жел құлатқан сүректерді, өрт зақымдаған ағаштарды ұрлау жағдайларында осы бөлімнің базалық ставкалары қолданылады;

4) орман қорының аумағынан тыс жерлерде ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, сүрек ұрлау жағдайларында осы бөлімнің базалық ставкалары қолданылады.

2. Жеке және заңды тұлғалардың ағаш және бұта тұқымдастарын, екпелерді, көшеттерді, орман фаунасы үшін пайдалы шөп өсімдіктерін жойғаны немесе зақымдағаны, ормандағы санитарлық ережелерді, ағаш кесу ережелерін бұзғаны және заңсыз құрылыстар тұрғызғаны үшін

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 2-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/ с N	Зиянның түрлері	Өлшем бірлігі	Айлық есептік көрсеткіштермен алғанда залалды өтеу мөлшері
1	2	3	4
1	Жас шыбықтар мен өскіндерді жою немесе зақымдау: 1) қылқан жапырақты тұқымдастар 2) жапырақты тұқымдастар 3) жаңа жыл алдындағы кезеңде қараша-желтоқсан) қылқан жапырақты тұқымдастар	1 дана үшін 1 дана үшін (1 дана үшін	2,0 1,0 15,0
2	Майыспаған орман дақылдарын зақымдау	1 дана үшін	5,0
3	Биіктігі 1 м дейінгі ағаштар мен бұталарды өз бетімен қазып алу*	1 дана үшін	10,0
4	Мынадай селекциялық-тұқымдық және селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді жою немесе зақымдау: 1) артықшылығы бар ағаштарды 2) ағаш тұқымдас плантациялардағы қосынды ағаштар, географиялық дақылдар, популяциялар мен будандардың сынақ дақылдары, ағаштар мен бұталар	1 дана үшін 1 дана үшін	25,0 20,0

	<p>клондарының мұрағаттары</p> <p>3) тұрақты орман тұқымдастары учаскелеріндегі ағаштар мен бұталар</p> <p>4) артықшылығы бар екпелердегі ағаштар мен бұталар</p>	<p>1 дана үшін</p> <p>1 дана үшін</p>	<p>5,0</p> <p>10,0</p>
5	<p>Орман питомниктерінде отырғызылатын мынадай материалды жою немесе зақымдау:</p> <p>1) қылқан жапырақты тұқымдастардың екпелері</p> <p>2) жапырақты тұқымдастардың екпелері</p> <p>3) теректің, талдың қалемшелі (тамырланған қалемшелер) көшеттері</p> <p>4) қылқан жапырақты тұқымдастардың көшеттері</p> <p>5) жапырақты тұқымдастардың көшеттері</p> <p>6) селекциялық құндылығы жақсартылған көшеттер</p>	<p>1 дана үшін</p>	<p>0,5</p> <p>0,4</p> <p>0,3</p> <p>4,0</p> <p>3,0</p> <p>5,0</p>
6	<p>Плантациялардағы мынадай ағаштар мен бұталарды жою немесе зақымдау:</p> <p>1) аналықтарды</p> <p>2) жидек және техникалық дақылдар</p> <p>3) жас жеміс және жаңғақ жемісті ағаштар (пайдалану кезеңіне дейін)</p> <p>4) жеміс беретін жеміс және жаңғақ жемісті ағаштар</p>	<p>1 дана үшін</p> <p>1 дана үшін</p> <p>1 дана үшін</p> <p>1 дана үшін</p>	<p>3,0</p> <p>2,0</p> <p>4,0</p> <p>5,0</p>
	<p>Байламының диаметрі 10 см-ге</p>		

7	дейінгі ағаштар мен бұталар шыбықтарын өз бетімен дайындау	1 байлам үшін	0,1
8	Орман қоры жерлеріндегі шабындықтар мен жайылымдық жерлерді зақымдау	1 га үшін	10,0
9	Ормандарда және орман қоры жерлерінде өз бетімен шөп шабу	1 га үшін	3,0
10	Ормандарда және орман қоры жерлерінде өз бетімен мал жаю	1 бас үшін	0,5
11	Тыйым салынған немесе орман билеттері бойынша ғана рұқсат етілетін барлық санаттағы жерлерде дәрі-дәрмектік өсімдіктерді және техникалық шикізатты өз бетімен жинау	1 кг үшін	0,3
12	Ағаш кесілген жерлерді ағаш қалдықтарынан уақтылы тазартпау, соқпақтар мен кеспеағаш аймағына іргелес ені 50 метр алқапты ластау	1 га үшін	1,0
13	Орманда қылқан жапырақты сүректер мен жапырақ тұқымдас сүректердің белгіленген мерзімде қабығынан аршылмай, жаз кезеңінде сол күйінде қалуы	1 дана үшін	0,1
14	Кесілген және ілініп қалған ағаштарды қалдырып кету	1 дана үшін	0,1
	Кесілген түбір биіктігі 1/3		

15	диаметрден жоғары, ал ағашты кескен кездегі түбірі 30 см-ден жіңішке, биіктігі 10 см-ден жоғары етіп қалдыру	1 дана үшін	0,1
16	Орман қоры аумағындағы құмырсқа илеулерін зақымдау немесе жою	1 дана үшін	0,5
17	Орман қоры аумағын құрылыс, тұрмыс қалдықтарымен ластау	1 м ³ үшін	1,7
18	Демалатын орындарда коқыстар, қалдықтар қалдыру	1 м ² үшін	1,0
19	Жердің құнарлы үстінгі қабатын алу: 1) 25 см-ге дейінгі тереңдікте 2) 25 см-ден астам тереңдікте	1 м ² үшін 1 м ² үшін	3,0 5,0
20	Ара ұяларын заңсыз орналастыру	әр ұя үшін	0,5
21	Дайындалған, бірақ ағаш кесу билетінде белгіленген мерзімде тасып әкетілмеген сүрек	1 м ³ үшін	0,3
22	Шала кесілген ағаштарды кеспеағаш аймағында қалдыру	1 м ³ үшін	0,3
23	Шабындықтар мен жайылымдық алқаптарды зақымдау	1 м ² үшін	3,0
24	Ағаш кесілген жерлер мен өртендерді заңсыз тегістеу	1 м ² үшін	0,5
25	Заңсыз құрылыстар тұрғызу және қоймалар орналастыру	1 м ² үшін	2,0
26	Мына: 1) шайыр мен ағаш шырындарын алу;	1 литр үшін 1 м ² үшін	

	2) қосалқы сүрек ресурстарын дайындау қағидаларын бұзу	0,5 0,5
--	--	------------

Ескертпе:

* - осыдан кейінгі әрбір метр үшін залалды өтеу мөлшеріне 1 айлық есептік көрсеткіш қосылады.

3. Жеке және заңды тұлғалардың жердің барлық санаттарында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді заңсыз өндіргені, дайындағаны, зақымдағаны немесе жойғаны үшін

Ескерту. 3-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Өсімдіктер тобы мен зақымның түрі	Айлық есептік көрсеткіштермен алғанда залалды өтеу мөлшері
1	Ағаштың, бұтаның, лиананың әрбір данасы үшін:	
	1) өсуін тоқтату дәрежесіне жеткізбей зақымданған кезде	500,0
	2) жойылған немесе өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымданған кезде	1000,0
2	Мөлшеріне қарамастан, арнайы рұқсатсыз өндірілген, зақымданған немесе жойылған әрбір шөп тұқымдас өсімдік немесе саңырауқұлақтың жемісті бөлігі үшін	0,5
3	Зақымданған немесе жойылған мүк пен қынаның әрбір шаршы метрі үшін	2,3

4. Қалалар немесе елді мекендер шегінде өсетін ағаштар мен бұталарды заңсыз кескені, зақымдағаны немесе жойғаны үшін

Ескерту. Базалық ставкалар 4-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.12.2020 № 834 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

	Айлық есептік көрсеткіштермен алғанда бір ағаш үшін залалды өтеу мөлшері
--	--

Р/с №	Ағаштар мен бұталар тұқымы	Ағаштар мен бұталардың жасы, жыл			
		10-ға дейін	11-ден 20-ға дейін	21-ден 30-ға дейін	31-ден және одан жоғары
1	Қарағай	15	25	35	45
2	Шыршаның барлық түрі	15	25	35	45
3	Балқарағай	15	25	35	45
4	Самырсын	17	27	37	47
5	Ағаш тектес арша	14	24	34	44
6	Үйеңкі, шегіршін, жөке	10	20	30	40
7	Қайың	12	22	32	42
8	Көктерек, ағаш тектес тал, терек	10	20	30	40
9	Грек жаңғағы, шекілдеуік жаңғақ	50	60	70	80
10	Өрік, ақ қараған, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, орман алма ағашы	10	20	30	40
11	Арша, жатаған кара самырсын	12	22	32	42
12	Сары қараған, бұта тектес талдар, шырғанақ, басқа да бұталар	9	19	29	39

Ескертпе:

1) мемлекеттік орман қоры аумағында орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған осы базалық ставкаларда көзделген залал келтіргені үшін жеке және заңды тұлғаларға талап-арыздарды мемлекеттік орман иеленушілер не орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары есептейді және ұсынады;

2) мемлекеттік орман иеленушілер, орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары және жергілікті атқарушы органның жасыл екпелерді ұстау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-і күнінен кешіктірмей өзі тіркелген жердегі салық органдарына орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін

есептеуге арналған осы базалық ставкаларда көзделген залал келтіргені үшін бюджетке өндіріп алынған сомалар бойынша мәліметтер жібереді;

3) мемлекеттік орман қорынан тыс жерде орман заңнамасын бұзудан келтірілген залал мөлшерін есептеу үшін осы базалық ставкаларда көзделген залал келтіргені үшін жеке және заңды тұлғаларға талап-арыздарды жергілікті атқарушы органның жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі есептейді және ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК